

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.12.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.12.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесі (бұдан әрі - Қамқоршылық кеңес) білім беру ұйымын алқалы басқару нысанының бірі болып табылады.

3. Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы қағиданы, сондай-ақ білім беру ұйымының жарғысын басшылыққа алады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.12.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ведомстволармен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста болады.

5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз қызметтерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2. Қамқоршылық кеңестің құрамы, құрылымы және қызметі

6. Қамқоршылық кеңес аталған білім беру ұйымының құрылтайшысы және білім алушылардың ата-аналарының бастамасы бойынша жалпы жиналыста құрылуы мүмкін.

7. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) басқа да білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер;
- 3) қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері;
- 4) демеушілер кіруі мүмкін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.12.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Қамқоршылық кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

9. Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланатын оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан арнайы өкілеттіксіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқа да тараптар алдында таныстырады. Төраға Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді.

10. Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасарын Қамқоршылық кеңес сайлайды.

11. Хатшыны Қамқоршылық кеңес сайлайды және ол Қамқоршылық кеңестің іс-қағаздарын жүргізуге жауап береді.

12. Қамқоршылық кеңестің отырыстары оның жұмыс жоспарына сәйкес, жылына кемінде бір рет өткізіледі. Жоспардан тыс отырыстар қажеттілікке қарай Қамқоршылық кеңес төрағасының шешімімен немесе Қамқоршылық кеңестің төрттен бір мүшелерінің талаптары бойынша өткізіледі.

13. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3-сі отырысқа қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Қамқоршылық кеңестің шешімі ашық дауыс берумен оның қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілігінің даусымен қабылданады.

14. Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаттары:

- 1) білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
- 2) білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 3) білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
- 4) білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету;
- 5) білім беру ұйымы жұмысының, оның ішінде қаржы қаражаттарын бөлу жұмыстары үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.12.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қамқоршылық кеңес жұмысының негізгі бағыттары:";

- 1) білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету;
- 2) тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;
- 3) халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету;
- 4) білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады;
- 5) білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің алдында есебін тыңдау болып табылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.12.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

Ескерту. 3-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.12.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 1) құрылтайшының бастамасы бойынша;
- 2) Қамқоршылық кеңестің бастамасы бойынша;
- 3) білім беру ұйымын таратуға және қайта ұйымдастыруға байланысты жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 22.12.2016 № 715 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен .

Қамқоршылық кеңесі – білім беру мекемесін басқарудың қоғамдық әдісі. Бұл мемлекеттік емес, үкіметтік емес, қоғамдық, бейкоммерциялық, білім берудің және нақты білім беру мекемесінің дамуына мүдделілерді өз еркі негізінде біріктіретін ұйым.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ата-заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелеріне және Қазақстан Республикасының басқа ережелі-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

1.2. Қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің м.а. бекітілген 2007 жылғы 22 қазандағы № 501 бұйрығын, сонымен қатар Колледж жарғысын негізге алады.

1.3. Қамқоршылық кеңесі әлеуметтік серіктестікті кеңейту және кәсіптік білім беру жүйесінде басқарудың қоғамдық-азаматтық әдістерін дамыту, колледжге студенттерді оқыту мен тәрбиелеуге көмектесу мақсатында Колледж әкімшілігінің бастамасымен және Педагогикалық кеңес шешімі негізінде құрылады.

1.4. Қамқоршылық кеңесі заңдық тұлға болып саналмайды. Қамқоршылық кеңес құрылымының тәртібі, өкілеттілігі, мақсаттары, құқықтары Колледждің қамқоршылық кеңес пен Педагогикалық кеңес шешімімен бекітілетін осы Ережемен анықталады.

1.5. Қамқоршылық кеңесшешімдері ұсынылатын және сабағаттық сипатта болып келеді.

2. Қамқоршылық кеңесінің негізгі міндеттері

2.1. Колледждің даму стратегиясын, сонымен қатар олардың іске асырылуына, дамуына бағытталған ұсыныстар, бағдарламалар, жобалар әзірлеу; 2.2. Колледждің оқу, ғылыми және әлеуметтік-тұрмыстық нысандары құрылысына, жабдықтар, құралдар, ұйымдастыру техникасы құралдарын сатып алуға көмектеседі.

2.2. Студенттердің тәжірибеден өтулері мен Колледж бітірушілерін жұмыспен қамтуды ұйымдастыруға көмектеседі.

3. Қамқоршылық кеңесінің негізгі ұстанымдары

- мүшеліктің еріктілігі;
- Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құқықтарының теңдігі;
- басшылықтың алқаластығы;
- қабылданған шешімдердің жариялылығы;
- ашықтығы.

Колледж студенттеріне жан-жақты, сонымен қатар қайырылымдылық көмек көрсетуге:

- Колледждің білім беру дамуын қамтамасыз ететін ғылыми, өндірістік, құқықтық, қаржылық, материалды-техникалық және басқа жобалар мен бағдарламаларға қатысу;
- Материалды-техникалық базаның нығаюына, колледж шекарасын және ғимаратын аббаттандыруға, шеберханалар мен оқу бөлмелерін жабдықтауға, оқу құралдарын, оқу әдебиеттерін, оқытудың техникалық құралдарын, сонымен қатар есептеу техникасын алуға көмектесу;
- Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру;
- Колледж бітірушілерін жұмыспен қамту ісіне көмектесу;
- Медициналық қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыру шешіміне қатысу;
- Түрлі деңгейдегі білікті мамандармен кездесулер ұйымдастыру (заңгерлермен, медициналық қызметкерлермен және т.б.);
- «Көпбейінді колледж» МКҚК мен басқа білім беру және мәдени мекемелермен ынтымақтастығын дамытуға қатысу;
- Байқаулар, жарыстар және тағы басқа сыныптан тыс көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу;
- Студенттердің өмірі мен денсаулығын, дүние-мүлікті қорғауды қамтамасыз ету;
- Қоғамдық тәртіпті сақтау;
- Студенттік топтардың ата-аналар кеңесімен жұмыс жүргізу;

5. Кеңестің басқару мүшелері мен құрылымы

5.1. Қамқоршылық кеңес құрамы 3 жыл мерзімге сайланады.

5.2. Қамқоршылық кеңес басшысы Колледж директоры болып келеді.

5.3. Төраға Қамқоршылық кеңесінің атынан арнайы өкілеттіліксіз әрекет ете алады, оны білім беру мекемелеріне, мемлекеттік органдарға және тағы басқа жақтарға ұсына алады. Төраға Қамқоршылық кеңесінің жұмысын Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес, ұйымдастырып, оның қызметін жүзеге асырады. Төрағаның орынбасары Қамқоршылық кеңесімен сайланады. Хатшы Қамқоршылық кеңесімен сайланып, Қамқоршылық кеңесінің іс-қағаздарының жүргізілуіне жауап береді.

5.4. Қамқоршылық кеңесінің өзінің құзыреттілігіне байланысты сұрақтары бойынша шешімі отырыста қатысқан кеңес мүшелерінің ашық сайлау түрінде өткізіліп, дауыстың көпшілігімен шешіледі. Егер «қолдаушылар» мен «қарсылар» дауыстары тең келсе, шешуші дауыс Төрағаның дауысы болып есептеледі.

6. Қамқоршылық кеңес жұмысының ұйымдастырылуы мен тәртібі.

6.1. Қамқоршылық кеңес отырысты жұмыс жоспарына сәйкес жылына екі реттен кем емес өткізеді. Кезектен тыс отырыстар Кеңес төрағасы немесе мүшелерінің және колледж әкімшілігінің талабы бойынша, қажеттілікке байланысты өткізілуі мүмкін.

6.2. Колледж Қамқоршылық кеңесінің жұмысына ұйымдастыру-техникалық қызмет көрсетіп, сонымен қатар оның жұмысы үшін бөлме мен техниканы, іс қағаздарын сақтайтын орын, іс қағаздарын жүргізуге жауапты қызметкерді бекітуді ұйымдастырады.

7. Кеңестің мүлкі мен құралдары

7.1. Кеңестің мүлкі мен құралдары қайырылымдылық жарна, жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға арналған мақсаттық жарна (үлестік жарна) арқылы қалыптастырылады.

7.2. Материалды-техникалық және мақсаттық бағдарламалардың дамуына арналған қаражат Колледж есеп шотына аударылады (сметаға сәйкес).

7.3. Колледж кеңес мүшелерін қаржы қаражаттарын жарату туралы ақпараттандырып, оқу жылы бойынша есеп береді.

8. Қамқоршылық кеңесінің қайта құрылуы, жойылуы, Ережеге өзгертулер енгізу.

8.1. Қамқоршылық кеңесінің қайта құрылуы, жойылуы Қамқоршылық кеңесінің жалпы жиналысының шешімімен өткізіліп, Қамқоршылық кеңесінің төрағасымен және Колледждің Педагогикалық кеңесімен бекітіледі.

8.2. Осы Ережеге өзгерістер енгізу Қамқоршылық кеңесінің ұсынысы бойынша Колледждің Педагогикалық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 **Қамқоршылық** – білім беру жүйесін, ізгілік қызметтерін (білім беру, ғылым, мәдениет және өнер, спорт және денсаулық сақтау) қолдаумен байланысқан әлеуметтік белсенділік саласы.

1.2 **Қамқоршылар** – қамқоршылық жұмысын атқаратын қоғамдық және заңды тұлға.

1.3 **Қамқоршылық кеңесі** – қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылады.

1.4 **Қамқоршылық қолдау алатындар** - қамқоршы бөлетін және тартатын қаржыға Қазақстан Республикасының жас ұрпағын дамытумен байланысқан білім беру жүйесін, ізгілік қызметтерін атқаратын қоғамдық және заңды тұлғалар.

1.5 № 9 ЖОГМ ҚМ-нің Қамқоршылық кеңесі ҚР «Білім туралы» Заңының 44 бабының 9 тарауына сәйкес мектеп алқалық басқарудың түрі болып табылады.

1.6 Қамқоршылық кеңесі жалпы білім беру мекемесінің Жарғысы мен заңды тұлға статусынсыз осы Ереже негізінде әрекет жасайды.

1.7 Қамқоршылық кеңесінің мақсаты – білім беру мекемесінің дамуына қолдау жасау, қала аумағында жұмыс істейтін басқа ұйымдармен оның байланысын нығайту, заттай және ақшалай қаржыларды белсенді пайдалану.

1.8 Қамқоршылық кеңесі бюджеттен тыс қаржыларды ерікті құрбандық жасау, жеке тұлға мен мекемелердің қайырымдылық және демеушілік жарнасы, «ТҰРАҚТЫЛЫҚ-БІЛІМ» қайырымдылық есеп шотына заңмен қарастылыған қаржы көздері есебінен тартады.

1.9 Қайырымдылық және демеушілік жарнасынан түскен және қайырымдылық көрсетушілер қосқан қаржы есебінен сатып алынған барлық мүлік мекеменің меншігі болып табылады және бекітілген тәртіпте балансына алынады.

1.10 Қайырымдылық қызметі ҚР МК (сыйлық мен құрбандық ҚР МК 506,516 баптар) реттейтін келісім шарт қатынасы негізінде жасалады.

2. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ

2.1 Қамқоршылық кеңес құрамына кіреді:

- әлеуметтік серіктестерінің өкілдері;
- қоғамдық ұйымдардың өкілдері;
- ата-аналар жұртшылығы мен педагогикалық кеңес өкілдері.

2.2 Қамқоршылық кеңесінің жеке құрамы білім беру мекемесінің жалпы жиналысының ұсынысы ескеріліп, білім беру мекемесінің әкімшілігімен қалыптастырылады.

2.3 Қамқоршылық кеңесінің төрағасы білім беру мекемесінің Қамқоршылық кеңесінің отырысында сайланады. Төрағасының өкілеттілік мерзімі Қамқоршылық кеңесіндегі оның басшылығы мерзімімен шектеледі.

2.4 Төрағасының орынбасары мен хатшысы Қамқоршылық кеңеспен сайланады.

2.5 Қамқоршылық кеңес мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөлу кеңестің отырысында белгіленеді.

2.6 Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз тапсырмаларын өтеусіз негізде орындайды.

2.7 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қамқоршылық Кеңесінің жалпы жиналысымен енгізіледі және оның отырысында бекітіледі.

3. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

3.2 Жалпы білім беру ұйымының материалдық- техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көркейту.

3.3 Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.

3.4 Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым –қатынасы үшін жағдай жасау.

3.5 Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.

3.6 ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.

3.7 Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.

3.8 Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

4. ҚОСЫМША БЮДЖЕТТЕН ТЫС ҚАРЖЫЛАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ЖҰМСАУ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРТІБІ.

4.1 Қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тартуды Қамқоршылық кеңес ерікті құрбандық пен қоғамдық және заңды тұлғалардың мақсатты жарналары түрінде жасайды.

4.2 Мақсатты жарналарды тартудың өзіндік мақсаттары бола алады, мектепке қажетті мүлік сатып алу, мекеменің материалдық- техникалық базасын нығайту және дамыту, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін сақтау, тағы басқа қазіргі заңнамалар мен мекеменің

жарғылық қызметіне қайшылық жасамайтын мақсаттар. Мақсатты жарналарды тарту бастамалары ҚМ басшыларынан, қамқоршылық кеңес немесе мекеменің басқа өзін-өзі басқару органдарынан туындайды.

4.3 Мақсатты жарналар білім беру мекемесінің есеп шотына түсіріледі. Тартылған мақсатты жарналарға білім беру мекемесінің бастығы жарияланып тағайындалған мақсат бойынша қамқоршылық кеңеспен келісілген иелік жасайды.

4.4 Мектепте құрбандықты ақшалай немесе заттай түрде ҚР МК бекіткен тәртіпте қоғамдық және заңды тұлғалар жасай алады.

4.5 Мақсатты жарналар мен құрбандықтар бойынша бухгалтерлік есеп және есеп берушілік қазіргі заңнамалар бекіткен ретте жасалады.

5. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

5.1 Қамқоршылық кеңесі жылына 4 мәртеден кем емес отырыс өткізеді.

5.2 Қаралған сұрақтар бойынша Қамқоршылық кеңесі шешім қабылдап, білім беру мекемесінің әкімшілігі мен Педагогикалық кеңес мәліметіне жеткізеді.

5.3 Қамқоршылық кеңесінің білім беру мекемесі материалдық-техникалық базасын дамыту үшін берген қаражат қаржыларын білім беру мекемесінің пайдалануы туралы жарты жылда бір рет директор есеп береді.

5.4 Білім беру мекемесін дамыту мүддесі үшін бюджеттен тыс қаржыны мақсатты және тиімді пайдалануы үшін жауапты.

5.5 Білім беру мекемесінің бюджеттен тыс қаржысының шығысын бақылайды.

5.6 Қамқоршылық кеңесінің барлық шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады.

5.7 Қамқоршылық кеңесі оқтын-оқтын мектеп ата-аналар комитеті алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

6. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ІС ҚАҒАЗДАРЫ

6.1 Қамқоршылық кеңесінің отырысында кеңестің төрағасы мен хатшының қолы қойылған хаттама жүргізіледі.

6.2 Хатшының міндеті Қамқоршылық кеңесінің бір мүшесіне жүктеледі.

6.3 Құжаттары Қамқоршылық кеңесінің төрағасында 1 жылға сақталады.

Ереженің нақтылы мерзімі: білім беру мекемесінің үлгісі (немесе түрі) өзгергенге дейін.

7. ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы келесі қағидаларға негізделеді:

- демократиялық;
- алқалық;
- ынтымақтастық ұзақтығы;
- жұмысының жариялылығы пен ашықтығы.

Қамқоршылық кеңесіне қатысушылардың жұмысы келесі қағидаларға негізделеді:

- еріктілік;
- жұмыс заңдылығы және барлық қатысушылардың құқықтық теңдігі;
- көмек алушылардың таңдау еріктілігі;
- қайғыға ортақтасу, мейрбандық, риясыздық рухани құндылықтары.

8. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын тоқтату

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тоқтатылады:

- қамқоршылық кеңесінің ынтасымен;
- таратылу және қайта ұйымдастыру.

**2018-2019 оқу жылына
ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар атауы	Жауаптылар	Өткізу мерзімі
№1 мәжіліс			
Колледждің Қамқоршылық Кеңесінің ұйымдастыру отырысы			
1	2018-2019 оқу жылына колледждің Қамқоршылық Кеңесінің құрамын бекіту және ережесімен таныстыру		Қыркүйек 2018
2	Қамқоршылық Кеңес мүшелерінің міндеттерін бөлу		
3	2017-2018 оқу жылына колледждің Қамқоршылық Кеңесінің жоспарын бекіту		
4	Материалдық-техникалық базаны күшейту мәселелерін шешу үшін колледждің материалдық-техникалық базасымен танысу		
5	Республикалық, қалалық және колледжішілік іс-шараларына колледждің Қамқоршылық Кеңесі мүшелерінің қатысуы		
№2 мәжіліс			
Іс-шараларды өткізуге колледжге көмек көрсету			
1	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету		Желтоқсан 2018
2	Колледж ұжымына студенттерге Жаңа жылдық мерекені өткізуге көмектесу		
3	Колледж қызметіндегі кездесетін кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар жасау		
№3 мәжіліс			
Колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту, қаржылық қолдау			
1	8 наурыз және Наурыз мерекелеріне байланысты жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету		Наурыз 2019
2	Қамқоршылық Кеңесінің мүшелері колледжде Наурыз мейрамын тойлауға қатысуы		
3	Демеушілердің қолданылған қорларын бақылау		


№4 мәжіліс

2017-2018 оқу жылының колледж Қамқоршылық Кеңесінің жұмысын қорытындысы

- | | |
|--|--------------|
| 2017-2018 оқу жылының колледж қамқоршылар | |
| 1 кеңесінің жұмысын қорытындысы | Мамыр-маусым |
| 2017-2018 оқу жылына Қамқоршылық Кеңес | |
| 2 құрамына ұсыныстар | |
| 2017-2018 оқу жылына Қамқоршылық Кеңесінің | |
| 3 жұмысын жоспарлау | |
| 2017-2018 оқу жылындағы Қамқоршылық | |
| 4 Кеңесінің қаражатын жоспарлау | |

Колледж қамқоршылық Кеңесінің хатшысы:

Кабылбекова Ж.Н.



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 246-К

«18» 09 2018

«Колледж бойынша қамқоршылық кеңесінің құрамын өзгертіп, толықтыру туралы»

Колледж бойынша қамқоршылық кеңесінің құрамын өзгертіп, толықтыруға байланысты

Бұйырамын:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы, әлеуметтік серіктестік директоры А.Нұрхайдар, ата-ана комитетінің мүшесі Г.Қоянбаева белгілі бір себептерге байланысты қамқоршылық кеңес құрамынан шығарылсын.
2. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жыл 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ» сай Талғар политехникалық колледжінде төмендегі қамқоршылық кеңесінің құрамы өзгертіліп, бекітілсін:
 - Умбетова Наилия Бейсенбаевна – инновациялық білім орталығының директоры
 - Сембаев Амангелді Тлеубердіұлы – кеңес мүшесі, жеке шаруашылық төрағасы.
 - Қалымбетова Замира Нурланқызы – кеңес мүшесі, Талғар аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі.
 - Омарбаев Максұт Қасымбекович – кеңес мүшесі, ЖІПС «ZETA» директоры.
 - Хилажев Анвар Олегович – кеңес мүшесі, ТОО «Глазман» директоры.
 - Есмағамбетова Жазира Муратовна – кеңес мүшесі, «Тексти Маркет» бас директоры.
 - Құрмашова Айнұр Жанибековна – ата-ана, Алматы облыстық туберкулез диспансері, врач-бактериолог.
 - Мамриева Галия Ахановна – кеңес мүшесі, «Галия» тігін шеберханасының директоры.
 - Нурметов Аманжол Аманжолұлы – ТААІБ – нің ювеналды полиция тобының инспекторы



Талғар политехникалық
колледж директоры:

Р.Н.Садыкова

**Қамқоршылық кеңесінің құрамы
2018-2019 оқу жылы**

№	Білім беру ұйымының атауы	Аты-жөні	Қызметі
1	Талғар политехникалық колледжі	Умбетова Наиля Бейсенбаевна	Инновациялық білім орталығының директоры
2		Сембаев Амангелді Тлеубердіұлы	Жеке шаруашылық төрағасы, кәсіпкер
3		Мамриева Ғалия Ахановна	«Ғалия» тігін шеберханасының директоры
4		Құрмашова АйнұрЖанибековна	Ата-ана, Алматы облыстық тубекркулез диспансері, врач-бактериолог
5		Қалымбетова Замира Нурланқызы	Талғар аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі
6		Нурметов Бауыржан Бақытжанұлы	ТААПБ-нің ювеналды полиция тобының инспекторы
7		Омарбаев Максұт Касымбекович	ЖШС «ZETTA» директоры
8		Хилажев Анвар Олегович	ТОО «Глазман» директоры
9		Есмағамбетова Жазира Муратовна	Генеральный директор «Тексти Маркет»